

## Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 4 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 желтоқсанда № 3242 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімінің 24.02.2017 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 3 тармағына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі №756 қаулысына сәйкес, Шу ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2016 жылғы 4 қарашадағы № 6 хаттамасы негізінде, Шу ауданының әкімі

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл облысы Шу ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайларды жою басшысы болып аудан әкімінің орынбасары Н. Жақсыбаев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін  
атқарушы*

*Н. Жақсыбаев*

